

Шиелі аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 3/5 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шиелі аудандық мәслихаттың төмендегі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Шиелі ауданының мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 36/6 шешімі. (Мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2015 жылғы 21 қаңтарда 4851 нөмірімен тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетіне 2015 жылғы 31 қаңтарындағы № 8 жарияланған).

2) "Шиелі аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 ақпандағы № 26/8 шешімі. (Мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2014 жылғы 26 наурызда 4628 нөмірімен тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетіне 2014 жылғы 5 сәуірдегі № 24 жарияланған).

3) "Шиелі аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 ақпандағы № 26/8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 4 мамырдағы № 40/7 шешімі. (Мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2015 жылғы 02 июня 5004 нөмірімен тіркелген).

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
К. Койкелдиев

Аудандық мәслихат
хатшысы
Ә. Оразбекұлы